

Педагогикалық әдеп кеңесі туралы

№ 1 хаттама

«Оқушылар үйі» КМҚК

03.10.2022 ж

Қатысқандар: педагогтар, әкімшілік құрам, заңгер, есепші

Күн тәртібі:

1. «Оқушылар үйі» ұжымын «Педагогикалық әдеп қағидаларымен» таныстыру, талқылау.

Тыңдалды – Әдеп кеңесінің төрайымы Ж.Куанышева жиналғандарды

ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығында педагогтық этиканың сақталуы, педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары ретінде мына мәселелердің қарастырылғанын айтты, олар: адалдық, әділдік, жеке тұлғаның абыройын және қадір – қасиетін құрметтеу, патриотизм, жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік, кәсіби ынтымақтастық, үздіксіз кәсіби даму. Сонымен қатар, педагогикалық әдептің негізгі нормалары да қарастырылған, - дей келе, келесі сөзді мекеме директоры Д.Тайкеновке берді.

Тыңдалды - «Оқушылар үйі» КМҚК директоры Д.Тайкенов:

Бәріңіз заңды оқып, таныстыңыздар ойлаймын. «Оқушылар үйі» КМҚК ұжымы шағын, ұжым мүшелері арасында ешқандай да әдеп бұзу, дәрежелік таныту сияқты қылықтар болмады, барлығы да педагогикалық әдеп қағидаларын сақтап, ҚР БҒМ 27.09.2022 ж. №382 (06.04.2020 ж.№130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), 27.12.2019 ж.№293-6 «педагог мәртебесі туралы» (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Заңдарының талаптарына сай әрекет жасауда.

ШЕШІМ:

1. Кеңес мүшелері 11.05.2020 ж.№190 Заңына сәйкес жұмыстар атқарсын;
2. Жаңадан келген ұжым мүшелері арасында ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Заңы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы



Ж.Куанышева

Хатшы



С.Таласбаева